

сборник документов и материалов в трех томах / отв. ред. Б.К. Султанов. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2010. – С. 214-215.

2. Выступление Президента РК Н.А. Назарбаева на Международном форуме «Евразийская интеграция: тенденции современного развития и вызовы глобализации»//Президент Н.А.Назарбаев и современный Казахстан. Том III. Н.А. Назарбаев и внешняя политика Казахстана: сборник документов и материалов в трех томах / Отв. Ред. Б.К. Султанов. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2010. – С. 229.

3. Путин В.В. Новый интеграционный проект для Евразии – будущее, которое рождается сегодня// Известия. 3 октября 2011//<http://www.izvestia.ru/news/502761>

4. Там же.

5. Там же.

6. Выступление Президента РК Н.А. Назарбаева на IX-м Съезде Евразийской ассоциации университетов// Президент Н.А.Назарбаев и современный Казахстан. Том III. Н.А. Назарбаев и внешняя политика Казахстана: сборник документов и материалов в трех томах / Отв. Ред. Б.К. Султанов. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2010. – С. 243.

7. Путин В.В. Новый интеграционный проект для Евразии – будущее, которое рождается сегодня

8. Лукашенко А. О судьбах нашей интеграции// Известия. 17 октября 2011 // <http://www.izvestia.ru/news/504081>

9. Назарбаев Н.А. Евразийский Союз: от идеи к истории будущего // Известия. 25 октября 2011// <http://www.izvestia.ru/>

Eurasian idea has recently become popular in the Russia political discourse, especially after Vladimir Putin's interview with «Izvestia» newspaper in October 2011. This article is devoted to the main initiatives of the Russian Federation in the integration project for the Eurasian space. The author compares Vladimir Putin's Eurasian integration ideas with ideas and initiatives that promoted by N. Nazarbayev, President of Kazakhstan, and have already been taken for carrying out since 1994.

Ресейдің саяси дискурсында Еуразиялық идея В. Путиннің 2001 жылдың қазан айында «Известия» газетіне берген сұхбатынан кейін кең өріс ала бастады. Бұл мақала Еуразия кеңістігіндегі Ресей Федерациясының негізгі интеграциялық бастамаларына арналған. Автор В. Путиннің интеграциялық идеялары мен 1994 жылдан бері ұсынылып және жүзеге асырылып келе жатқан Н. Назарбаевтың бастамаларын салыстырған.

А.Р. Әлімбаев, А. Сүинова

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІН АЙҚЫНДАУДЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН АСТАРЫ

XX ғасырдың аяғында Қазақстан Республикасы тәуелсіз ел ретінде жаһандану жағдайында өзі іспеттес егеменді елдермен және олардың бірлестіктерімен тығыз қарым-қатынастар орнату мүмкіндігіне ие болды. Бұл өз кезегінде бүгінгі күнге дейін қалыптасқан халықаралық құқық қағидаларын қастерлеуге міндеттейді.

Өйткені, халықаралық құқықты – мемлекеттердің бір-бірімен ортақ тіл табысуына қажетті халықаралық қатынастардың ерекше құралы ретінде қарастыруға болады. Халықаралық құқық ең алдымен, мемлекеттер арасындағы қатынастарды орнатуға мүмкіндік туғызады. Халықаралық қатынастардың даму қарқыны да халықаралық құқықпен айқындалады соның негізінде өзара әрекеттестікке бет алған мемлекеттер бірлесе отырып көздеген мақсаттарына жетуге талпынатыны айқын.

Сол ретте бірнеше мемлекеттің мүдделері тоғысатын нысана да халықаралық құқық тарапынан реттелуі, мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастардың тұрақтылығының кепілі болары сөзсіз. Осыған орай бүгінгі күні халықаралық қатынастар жүйесінде аса зор қызығушылық

туғызып отырған Каспий мәселесінің де құқықтық мәртебесін айқындап алу күн тәртібіндегі аса маңызды мәселелердің қатарында.

Каспий теңізі аймағы өзінің жағрапиялық орналасуына қарай бірқатар мемлекеттердің өзара қарым-қатынастарына тікелей әсер етуде. Әсіресе, бұрынғы Кеңестер Одағының жойылуының нәтижесінде жаңа тәуелсіз елдердің құрылуы бұл аймақта геосаяси тепе-теңдіктің өзгеруіне әкелді. Оның негізгі мәні XX ғасырдың 90-жылдарына дейін Каспий теңізі аймағы екі ғана мемлекеттің мүдделерімен айқындалған болса, жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы енді Каспий жағалауындағы бес мемлекеттің мүдделерінің тоғысуына әкелді.

Сонымен бірге Каспий бассейніндегі бай энергетикалық қор аймаққа таяу жатқан елдермен қоса әлемнің жетекші елдерінің де аймаққа деген қызығушылығын үдете түсті. Өйткені мұнай – энергия көзі ретінде қазіргі әлемдік экономика мен халықаралық қатынастарда аса маңызды рөлге ие. Каспий мүмкіндігі Еуропа мен оңтүстік-шығыс елдерінің нарығын мұнай және газбен жабдықтауда маңызды стратегиялық рөлге ие бола алатындығын көрсетеді.

Шын мәнінде, Каспий жағалауы геосаяси тұрғыдан алғанда аймақ ретінде Еуропа мен Азияның тоғысындағы ауқымды аумақты білдіреді. Оған ең алдымен, атап кеткеніміздей, Каспий жағалауындағы бес мемлекетті кіргіземіз. Сонымен бірге Каспийге таяу жатқан Солтүстік Кавказ, Кавказдың маңы мен Орталық Азия кеңістігіндегі елдерді атауға болады. Бірқатар сарапшылар Өзбекстан мен Грузияны да «каспийлік» республикалар қатарына жатқызғысы келеді. Тіпті, Түркия 1997 жылы өзін каспийлік мемлекет екендігін жариялаған болатын. Олай болса, Каспий теңізінің байлығы мен стратегиялық маңыздылығы бірқатар елдердің өзара қарым-қатынастарына тікелей әсер ететіні сөзсіз.

Яғни, мүдделі мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастардың заманауи үлгіге сай болуын қалыптастыру үшін ең алдымен, халықаралық құқық қағидаларына байланысты аймақтың құқықтық мәртебесін нақтылап алған дұрыс еді. Тек бұл мәселенің аса маңыздылығына барлық қатысушы тараптар түсіністікпен қарағанымен, оның шешімін іздеуде қаншама ыждағаттылық танытқандарымен әлі күнге дейін нақтылы бір байламға келе алмауда.

Халықаралық қатынастар жүйесінде көпжақты дипломатиядан гөрі екіжақты дипломатияда қатысушы тараптардың өзекті мәселелерге қатысты келіссөздерде ымыраға келу мүмкіндігінің әлдеқайда жоғары болатындығына Каспий мәселесі де дәлел бола алатындай.

Өйткені, өткен ғасырларда Каспий мәселесі Ресей империясы мен Парсы шахы арасындағы шарттармен, кейінгі ғасырда Кеңес Одағы мен Иран арасындағы екіжақты келісімдермен реттелген болатын. 1813 және 1828 жылдардағы орыс-парсы шарттарының ережелері де, 1921 және 1940 жылдардағы кеңес-иран шарттары да каспийлік қайрандағы 10-миль шебіндегі балық аулау өңірінен тыс аумақтағы көмірсутегі қорын игеру мәселесін реттемейді. Кеңес Одағы мен Иран арасындағы екіжақты шартта Каспий теңізін «кеңестік және ирандық» теңіз деп жариялай отырып, үшінші елдердің қатысуы мүмкін еместігін атап өтеді. Каспий теңізі үшінші елдер үшін әскери-саяси салада да жабық болды.

1991 жылы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (КСРО) ыдырағаннан соң Каспий теңізіндегі геосаяси жағдайдың түпкілікті өзгеруі, жаңа каспийлік елдердің толыққанды қатысушы ретінде Ресей, Иран Әзірбайжан, Қазақстан және Түрікменстанды таныды. Яғни, Каспий мұнайөндіруші аймағы өзіне Каспий

теңізі және оны қоршап жатқан Әзірбайжан, Ресей, Қазақстан, Түрікменстан және Иранның мұнай-газ аумақтарын қамтиды.

Бұрынғы кеңестік республикалар КСРО-ға тиесілі болып келген Каспий суларын өзара бөлісіп, ал Иранға сол кезеңдегі иеліктерін ғана қалдыру ұсыныстарын да талқыға салған еді. Бұл ұсыныстың негізінде Иран Каспийдің қазіргі ауданының оңтүстік жағалауын қамтитын 11 пайыздық аумаққа ие болар еді. Алайда, бүгінгі геосаяси жағдайда Иран бұл бөлістің нәтижесінде өзіне тиетін үлестің аздық боларын алға тартуда.

Сол ретте Иран өзіндік ұсынысын жасауда. Ол ұсыныстың негізгі мәні: тепе-теңдік қағидасына сай каспийлік бес елдің жағалаулық шебінің көлеміне қарамай, Каспий ауданын тең бөліске бөлу, яғни әр елге 20 пайыздан бөлу. Қандай нақты 20 пайыз екенін анықтауда Иран жағы өз-өзіне үлесін дайындап алды. Ол Астар-Атрек сызығы бойынша шектелген. Ал, басқа бөлікті қалған мемлекеттер өзінше бөлісуіне қарсы емес [1].

Осыған орай КСРО мен Иранның Каспийге қатысты қабылдаған келісімін, КСРО ыдырағаннан кейін Иран жоққа шығарып жатты, ондағы айтар негізгі уәжі – саяси картада енді КСРО деген мемлекеттің жоқтығы.

Бірақ бұл халықаралық құқық өлшемдеріне қайшы келеді, себебі Ресей КСРО-ның негізгі мұрагері болып танылды, олай болса, екі субъекті де саяси картада бар. Халықаралық құқықтың қағидалары мен өлшемдерін негізге алатын болсақ, Каспий жағалауындағы жаңа тәуелсіз мемлекеттер мұрагерлік қағидаларына сай бұрынғы кеңес-ирандық шарттарды жоққа шығармайды. Каспийдің қазіргі геосаяси жағдайына орай жаңа саяси мәртебесін айқындауда оның бұрынғы мәртебесі негізге алынуға тиіс екендігін хақ.

Дегенмен де, жаңа тәуелсіз мемлекеттер ішінде де өзіндік мүдделерге сай ұсыныстар болуда. Әзірбайжан елі стратегиялық тұрғыдан мұнай тасымалының тиімді жолында орналасуына байланысты, Каспий теңізінің мәртебесін кеңес-ирандық шарттармен заңдастыруға болмайды, себебі ол жерде тек балық аулау мәселелері ғана қарастырылып, оның кен байлығын игеру мәселесі туралы еш мәлімет жоқтығын алға тартады, сондықтан да оның мәртебесін басқаша қарауымыз қажет деген уәж айтуда.

Жалпы, бүгінгі күнгі геосаяси жағдайға орай, ең алдымен, Каспийдің мәртебесін айқындау үшін оның теңізге әлде көлге жатқызылуын айқындау мәселесі туындады. Бұл жерде Каспийді

жағрапиялық тұрғыдан көл немесе теңіз деп айқындау емес, ең алдымен, оның БҰҰ-ның теңіз құқығы жөніндегі Конвенцияларына жатқызуға болады ма деген мәселені айқындау қажеттілігі тұр. Яғни, Каспийдің теңіз болуы және оның көлемінің үлкендігі де мәселені шешуге негіз бола алмайды.

Теңіздің көлге немесе теңізге жатуын БҰҰ-ның теңіз құқығы жөніндегі конвенциялары оның Әлемдік мұхиттарға ашықтығымен байланыстырады. Осыған байланысты Каспийді теңіз деуге болмайды. Бірақ бұл оның теңіз деген мәртебесіне ие болуына кедергі емес. Ол үшін барлық каспийлік мемлекеттердің келісімін алған жеткілікті.

Ал, егер Каспийге халықаралық деңгейдегі «теңіз» мәртебесі берілсе, онда оған автоматты түрде БҰҰ-ның 1958 және 1982 жылдардағы континенталды қайран мен және теңіз құқығы жөніндегі Конвенцияларының құқығы таралады. Олай болған жағдайда әр каспийлік мемлекет 12 мильдік аумақтық өңірге және 200 мильдік экономикалық өңірге егеменді құқықтары болады [2].

Каспийдің ені 200 мильден аспағандықтан, оны мемлекеттер арасында, орта сызық бойынша тең бөлу қарастырылады. Бұл жағдайда, басқа да мемлекеттердің кемелеріне жүзуге, белгіленген теңіз үстіндегі әуе кеңістігінде ұшуға, теңіз астымен коммуникациялық желілер мен мұнай, газ құбырларын салуға, ғылыми-зерттеу жұмыстарын және басқа да қызметтер атқару құқығына ие болары анық.

Жалпы каспийлік жағалау мемлекеттерінің ішінен «ашық теңіз» нұсқасын Ресей, Иран және Түрікменстан қолдады, әрине шет мемлекеттер осы нұсқаға өте мүдделі.

Ал, заңнамалық тұрғыдан алғанда, «көлдің» ешқандай экономикалық өңір, қайран, аумақтық сулар деген санаттары жоқ. Ол жағалаудағы мемлекеттердің ішкі суларына жатады және оған халықаралық тәртіп құқықтары таралмайды. Сондықтан мұндай сәтте БҰҰ-ның мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау қағидасы жүзеге асады. Халықаралық заңдарға сай бірнеше мемлекеттің ортасында орналасқан көлдер олардың келісімі бойынша немесе мемлекеттік шекаралар негізінде және көлдің орталық нүктесінен өзара бөлісулері қажет. Яғни, көлдің құқықтық тәртібін айқындау жағалаудағы мемлекеттердің ғана құзырына кіреді.

Тек, мұндай жағдайда Каспийде кеме саудасының, балық аулау, сондай-ақ теңіздің басқа биоресурстарын сақтау және тиімді пайдалануда

жағалаудағы мемлекеттер өзара қиындықтарға тап болары сөзсіз.

Соған орай, Ресей Каспий теңізі кондоминиум негізінде ортақ пайдаланыстағы теңіз болуы керек, яғни ол Каспийдің табиғи ресурстары теңіздің түбіндегі минералды ресурстарымен қоса барлығына таралу қажет дейді. Дегенмен де, Ресей Каспий теңізі тек жағалауда орналасқан мемлекеттердің жабық теңізі деген ұстанымдар ұсынып, оның толықтай мәртебесі анықталғанынша бұрынғы кеңес-иран шартын басшылыққа алуды да ұсынады.

Каспий мәселесінің әлемдік деңгейдегі өзектілігі туралы 1998 жылы 28 қыркүйектегі Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 53 сессиясында Қазақстан Республикасының сол кездегі Сыртқы істер министрі Қ.К. Тоқаев: «Каспий теңізінің заңнамалық мәртебесі жөніндегі мәселені де қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелердің қатарына жатқызуға болады», – деп атап көрсеткен еді [3].

Өз сөзін жалғастыра келе жағалаудағы бес мемлекеттің өзара қатынастарына тиесілі бұл күрделі де өзекті мәселелер бойынша келіссөздердің басталуы нәтижелі ымыраға жеткізетіндігіне сенім білдірген болатын. Сол жылдың шілдесінде Қазақстан мен Ресей арасында Каспий теңізінің солтүстік бөлігін делимитациялау жөнінде келісімге қол қойылуы, каспийлік мәселені толық реттеудің негізін қалағандығын білдіреді деген болатын.

Соған орай Теңіз құқы бойынша БҰҰ Конвенциясының ережелеріне сай келетін бұл құжатты жүзеге асыру үшін нақты іс-шаралар қабылдау қажеттілігіне тоқтала келіп, Каспий мәселесінің шешілуі Қазақстан үшін стратегиялық аса зор мәнге ие екендігін де атап өткен еді.

Қазақстан Республикасының Каспий теңізінің құқықтық мәртебесіне қатысты ұстанымы Каспийге БҰҰ-ның Теңіз құқығы жөніндегі 1982 жылғы конвенциясының теңіздің әртүрлі бөліктерінің тәртібі мен еніне қатысты жеке ережелерін қолдану болып табылады [4].

Жағалаудағы мемлекеттердің саяси және экономикалық мүдделерін тиімді қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан БҰҰ-ның көрсетілген Конвенциясының ережелеріне сәйкес Каспийде аумақтық теңіз, балық аулау аймағын және ортақ су кеңістігін орнатуды ұсынады.

Сонымен қатар осы аймақтарға қатысты тиісті ережелер мен тәртіпті айқындау керектігі алға тартылуда. Аумақтық теңіздің сыртқы шекарасы оның шегінде жағалаудағы мемлекет барлық

егеменді құқықтарды толығымен пайдаланатын мемлекеттік шекара болып табылуы қажет. Мұны аумақтық тұтастық пен шекаралардың мызғымастығы аясында қауіпсіздіктің қосымша кепілдеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретіндігімен дәйектейді.

Балық аулау мен биоресурстарды пайдалануды тиісті аймақтарда және ашық теңізде кәсіпті лицензиялау мен аулаудың келісілген квоталары негізінде жүзеге асыру қажет. Балық аулау аймағын, оның ені мен тәртібін Каспий маңы мемлекеттерімен келісе отырып жеке санатқа бөліп шығаруды ұсынады.

Дегенмен, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін айқындау оңай шаруа емес еді. Бұл жөнінде 2002 жылы 14 қыркүйектегі Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 57-сессиясында Қазақстан Республикасының сол кездегі Мемлекеттік хатшысы – Сыртқы істер министрі Қ.К.Тоқаев: «Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі мәселесі қазіргі кезеңдегі халықаралық қатынастарда өте өзекті мәнге ие бола түсуде. Бес каспийлік мемлекеттердің осы ерекше су қоймасына деген заңнамалық мәртебесіне байланысты ымырашылдығының болмауы Каспий теңізінің бейбітшілік пен нағыз ынтымақтастық өңіріне айналу болашағына нұқсан келтіруде», – деп өз өкінішін білдірген еді [5].

Қазіргі кезеңде Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияны әзірлеу жөніндегі Сыртқы істер министрлерінің орынбасарлары деңгейіндегі Арнайы жұмыс тобының аясында келіссөздер өткізілуде. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесінің мәселелері екі және үш жақты пікір алмасуларда да келісілуде. Сонымен қатар, келіссөздерде Каспийдің экожүйесін сақтап қалу мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кеме қатынасын дамыту, минералдық және биологиялық ресурстарды игерудегі өзара іс-қимыл да күн тәртібінде белгіленген.

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы 1998 жылғы жер қойнауын пайдаланудағы егеменді құқықтарды жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізінің солтүстік бөлігі түбінің жігін ажырату туралы келісімін толықтыру мақсатында 2002 жылдың 13 мамырында қосымша Хаттама жасалынды.

2001 жылдың 29 қарашасында және 2003 жылдың 27 ақпанында тиісінше, Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы Каспий теңізі түбін шектеу туралы Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасының арасындағы келісім және оған Хаттама жасалынды. Сонымен қатар, Қазақстан,

Ресей және Әзірбайжан арасында 2003 жылғы 14 мамырда Каспий теңізі түбінің шектес телімдерін межелеп бөлу сызықтарының түйісу нүктесі туралы келісім жасалды. Осындай нақты шаралардың негізінде 2003 жылдың 4 қарашасында Каспий теңізінің теңіз кеңістігін қорғау жөніндегі негіздемелік конвенцияға қол қойылды.

Каспий теңізінің жағалауы мемлекеттері Басшыларының Екі Саммиті (2002 жылғы 23-24 сәуірде және 2007 жылғы 16 қазанда) және Сыртқы істер министрлерінің үш кеңесі (1996 жылғы 11-12 қарашада, 2004 жылғы 6 сәуірде және 2007 жылғы 20 маусымда) болып өтті [6].

Каспий теңізінің жағалауы мемлекеттері Басшыларының Екінші кездесуі барысында Әзірбайжан Республикасының, Иран Ислам Республикасының, Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының және Түрікменстанның бірлескен декларациясы қабылданып, ол Каспий теңізі жағалауы маңы мемлекеттерінің жетекшілерімен қол қойылған құжат болды. Бұл құжат Каспийдің құқықтық мәртебесінің, теңіздегі қауіпсіздік пен тұрақтылықтың негізгі мәселелері бойынша, сондай-ақ Каспий жағалауы мемлекеттерінің халықаралық қатынастардың жекелеген астары (БҰҰ-ның, МАГАТЭ-ның рөлін нығайту, ядролық қаруды, халықаралық лаңкестікті таратпау) жөніндегі ұстанымдарына байланысты мәселелер бойынша қазіргі бар уағдаластықтарын саяси деңгейде бекітіп берді.

Каспий теңізіндегі Қазақстанның мемлекеттік шекарасы Каспиймен шектесетін барлық мемлекеттердің шекаралары арасындағы ең ұзыны, ол 1700 шақырымнан артық. 2004 жылы қазақстандық тарап Каспий теңізіндегі қару-жаракқа бақылау жасаудың бесжақты тетігін құру, қару-жарактың тұрақты тепе-теңдігін орнату және оларды шектеу межесін белгілеу бастамасын көтерді. Мұндай шаралар шиеленістердің алдын алудың және мемлекеттеріміздің бейбіт ынтымақтастығын дамытудың анағұрлым сенімді құралдардың бірі.

1. <http://kz.government.kz/site/news/2004/06/news056>.

2. Международное морское право // Ерджанов Т.К. Международное публичное право: Учебник. – Алматы, 2006. – С. 631.

3. Тоқаев К. Преодоление. Дипломатические очерки. – Алматы, 2003. – С.584.

4. http://portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/kz/content/policy/issues/caspian_sea.

5. Тоқаев К. Преодоление. Дипломатические очерки. – Алматы, 2003. – С.639.

6. http://portal.mfa.kz/portal/page/portal/mfa/kz/content/policy/issues/caspian_sea.

* * *

* * *

В данной статье рассматривается урегулирование вопроса о статусе Каспийского моря. Так как в 1991 г. после распада СССР, кроме России и Ирана, новые независимые государства, как Азербайджан, Казахстан и Туркменистан, появились как игроки в Каспийском регионе.

The issue of the legal status of Caspian Sea was considered on this article, because the new independent states as Azerbaijan, Kazakhstan and Turkmenistan have emerged as a players in the Caspian Sea except Russia and Iran.

Л.Ф. Деловарова

MIGRATION REGULATION ISSUES IN CENTRAL ASIA

During the whole XX century there was a rapid expansion of migratory flows, and at the beginning of the XXI century the phenomenon of migration has become contributing factor of global change.

The collapse of the Soviet Union, changing situation in Europe and the emergence of new non-traditional security challenges caused new geopolitical realities. In these new conditions the migration studies assume new shape.

Migration as a problem did not exist during the Soviet rule. Millions of people more than half a century easily moved on within 15 republics. It was regulated by government by using by some tools (“propiska”).

During the twenty years of independence, the post-Soviet states have followed its own path of development. Due to various circumstances, these states differ in their level of development. In this context, the region has developed its own migration system. In this system, five Central Asian states and Russia should be specially emphasizes. And four of five countries (Kyrgyzstan, Tajikistan, Turkmenistan and Uzbekistan) are donors and Kazakhstan and, mostly, Russia are host states.

The purpose of this article is to focus on the issue of migration regulation processes in Central Asia. The studying of this problem is very important as a migration strongly binds states in the region.

Migrants in the region are very important link between these states. They make a huge contribution to the donors and the host countries. However, these movements are not always painless. Migration processes are accompanied by numerous problems for the migrants themselves, donor and host countries. Therefore, the cooperation of the states in the region is extremely important.

This is especially significant now when the migration increases and the number of illegal migrants are very high. The situation is further complicated

by the fact that social stability in the region is very weak. This is evidenced by the frequent revolutions in Kyrgyzstan (2005, 2010), closed regimes in Uzbekistan and Turkmenistan and, finally, by unstable Afghanistan.

Researching the problems of cooperation between states in this region and migration regulation will shed a light on future prospects of the positive impact of migration on the processes of further transformation in the region. However development of effective mechanisms of regulation on the national level, cooperation between states at the regional level has been very slow.

In the case of ignoring of these problems by the expert community unregulated migration processes in Central Asia may lead to extremely negative consequences. This in turn can affect relations between states, to cause inter-ethnic conflicts, reduce social security and generally freeze to the integration processes which are extremely slow.

In order to analyze and explain the complexity of migration regulation processes in Central Asia, it is necessary to:

1. *To define the relevant causes of present migration in Central Asia.*

2. *To circumvent the problem posed to governmental (national) regulation.*

3. *To suggest the logics of present states – monitoring program aimed at monitoring, intrastate activity, interstate, and regional cooperation in CA.*

1. *First of all it is necessary to define the main causes of migrations.*

Migrations in Central Asia are caused by a number of different reasons. Very symbolically they can be classified in *common and special reasons*. Also it is necessary to mention *voluntary and involuntary and even forced migrations*.

As for common reasons – economic, social, political, demographic etc. – they are closely connected